«Ермек Серкебаев атындағы Өнер колледжі – өнерде дарынды балаларға мамандандырылған мектеп-интернат» кешені КММ

КГУ «Комплекс «Колледж искусств – специализированная школа-интернат для одаренных в искусстве детей имени Ермека Серкебаева»

| | | |
|---|---|---|
| **Қарастырылған:** | **Келісілген:** | **Бекітілген:** |
| **Рассмотрено:** | **Согласовано:** | **Утверждено:** |
| на заседании ПЦК | | |
| «Народные инструменты» | заместитель директора | решением МС КГУ «Комплекс |
| протокол № 1 | по профилю | «Колледж искусств - ШОД» |
| председатель ПЦК | Габидуллина В.Ф. | имени Ермека Серкебаева |
| Гафуров К.К. | | председатель Рыжик Г.Л. |
| «28» 08 2024 г. | | «29» 08 2024 г. |

# ЖҰМЫС БАҒДАРЛАМАСЫ
# РАБОЧАЯ ПРОГРАММА
# АНСАМБЛЬ КЛАСЫ
# КЛАСС АНСАМБЛЯ
# (домбыра)

(ПӘННІҢ АТАУЫ/НАИМЕНОВАНИЕ ДИСЦИПЛИНЫ)

**5-9 сынып**

Петропавл каласы
2024 жыл

Құрастырған: Ғалеев А.Е. «Халық аспаптары» ПЦК – сы оқытушысы.

Рецензенттер:

Ғафуров Қ.Қ. «Халық аспаптары» ПЦК – сының төрағасы.
Күдерова Т.Қ. «Халық аспаптары» ПЦК – сының оқытушысы.
Ермек Серкебаев атындағы «Өнер колледжі - ДБМ» кешені әдістемелік кеңесімен бекітілген.

№ 1 хаттама, 29.08 2024 жыл.
Тіркеу нөмірі: № 5
Тіркелген күні: 29.08 2024 жыл.

## Мазмұны


1. Түсіндірме жазба
2. Пәнді оқытуда жоспарланған нәтижелер
3. Оқу бағдарламасының тақырыптық жоспары
4. Қысқаша әдістемелік нұсқаулар
5. Репертуарлық шығармалар тізімі
6. Оқытудың жоспарланған нәтижесін бақылау
7. Әдебиеттер және оқыту құралдары

5-сынып – 68с
6-сынып – 68с
7-сынып – 68с
8-сынып – 68с
9-сынып – 68с

Барлығы – 340 с

## Түсіндірме жазба

«Ансамбльдік орындаушылық» дегеніміз әр бір орындаушы өзінің көркемдік орындау ерекшелігін, орындау стилін, техникалық деңгейін екінші және баска орындаушылардың ойнау ерекшелігімен, техникалық деңгейімен сәйкес кылып, шығарманың орындалу жүйесін сақтай отырып, бірдей ойнау деңгейін меңгеру.

Ансамбльге арналған музыкалық шығармалар орындаушылар санына қарай, дуэт, трио, квартет, квинтет, т.с.с. болып бөлінеді.

Мұғалім орындаушы жұптарды таңдағанда окушының табиғи қабілетін, орындау техникасының деңгейін, бір-бірімен адамгершілік қарым-қатынасын, ансамбль репертуарының техникалық талаптарын, т.с.с. мәселелерді ескеруі қажет.

Репертуар оқушылардың техникалык мүмкіндігіне сай, олардың көңілінен шығатындай, мазмұны қызықты етіліп таңдалынуы керек.

Ансамбль пәнінің негізгі мақсаты:

1. Екі, немесе бірнеше адамға көркем шығармаларды бір деңгейде ойнауды үйрету.
2. Оқушының концерттік орындаушылық практикасын дамыту.

Ол үшін мұғалім әр бір окушымен жеке-дара жұмыс істеп, оның партиясын тексеріп, аппликатура, штрих қою жұмысымен айналысып, әр оқушымен қажымай-талмай еңбек етуі керек.

Ансамбльдің жеке орындаушыдан және оркестр орындаушысынан айырмашылығы – жеке орындаушының творчестволық жұмысы тек өзімен ғана жекеше түрде етеді (немесе концертмейстермен творчестволық қарым-қатынас арқылы).

Оркестр орындаушылары дирижердің басқарумен жұмыс істейді, ал ансамбль орындаушылары болса, бірнеше адам бірігіп, дирижерсыз ойнайды. Ол оңай жұмыс емес. Әр бір орындаушының өзіне бөлінген жеке партиясы болса да, оның мазмұнын түсініп ойнау.

## 2. Пәнді оқытуда жоспарланған нәтижелер

| Стандартта және білім беру бағдарламасында жоспарланған оқыту нәтижелері | Үлгілік оқу бағдарламасында жоспарланған оқу нәтижелері |
|---|---|
| Білім алушылар келесі құзіреттіліктерге ие болуы тиіс<br>**Базалық:**<br>**БҚ 1.** Алған білімін кәсіби түрде колледж бағдарламасы бойынша жалғастыру;<br>**БҚ 2.** Ойлау мәдениетін меңгерген, Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі – қазақ тілін және ресми қолданылу тілі – орыс тілін білу;<br>**БҚ 3.** Кәсіби сөздік қорын сауатты қолдану, өзінің кәсіптік қызметінде шет тілдерінен біліктілігін қолдана білу;<br>**БҚ 4.** Өз мамандығының маңыздылығы мен мәнін түсіну, оған тұрақты қызығушылық көрсету;<br>**БҚ 5.** Орындалатын жұмысына жауапкершілікпен қарау, өздігінен кәсіби қызмет саласындағы мәселелерді шешу. | Пәнді игеру нәтижесінде білім алушылар:<br>**Біледі:**<br>- қазіргі заманғы педагогика талаптарын;<br>- қазіргі заман музыкант-орындаушысына қойылатын кәсіби талаптарды.<br>**Істей алады:**<br>- нақты жағдайда қойылған міндеттерді шешу кезінде педагогикалық және әртістік қызмет саласында алған білімін жүзеге асыра білу.<br>**Дағдыларын қалыптастырды:**<br>- орындаушылық дәстүр;<br>- жеке концерттік және ансамбльдік (оркестрлік) орындаушылық.<br>**Сұрақтарында құзыретті:**<br>- эстетикалық қағидаларды қалыптастыру;<br>- шығармашылық тұлға ретінде дамыту;<br>- кәсіби орындаушылық дағдылары. |
| **Кәсіптік:**<br>**КҚ 1.** Орындаушылық мектептер мен олардың өкілдерін талдау;<br>**КҚ 2.** Аспаптардың даму тарихы туралы теориялық білімді қолдану.<br>**КҚ 3.** Танымал орындаушылардың үрдістерін қолдану.<br>**КҚ 4.** Аспапта орындаудың негізгі дағдыларын дамыту.<br>**КҚ 5.** Музыкалық өнер жанрларын, түрлері мен стилін айыру. | **Біледі:**<br>- халық аспаптарда ойнап үйрену әдістемесінің қазіргі заманғы педагогикалық қағидаларын;<br>- музыкалық стильдер мен бағыттарды;<br>- әртүрлі стильдер, дәуірлер мен бағыттар композиторларының шығармаларынан тұратын репертуарды;<br>- орындаудың көркемдік элементтерін (темпо-метро-ритм, динамика, артикуляция, фразировкасын);<br>**Істей алады:**<br>- музыкалық шығарманы кәсіби деңгейде орындау;<br>- музыкалық шығарманың көркемдік |

| | |
|---|---|
| | мазмұнын және оның мәтінін интерпретациялау;<br>- парақтан оқып ойнау;<br>- орындаушылық іс-жүзі барысында теориялық кәсіби білімін қолдану;<br>- музыкалық шығармаға толық шолу барысында, сондай-ақ музыка құрылымының кейбір элементтерін жеке ала отырып, өздігінен талдау жасау;<br>- орындайтын шығарманың көркемдік ойын жеткізу мақсатында ең тиімді техникалық әдістерді таңдау;<br>- сахнада өзін дұрыс ұстауын қадағалау;<br>- аспапта ойнаушының қолын дұрыс ұстауы;<br>- аспапта ойнаудың алғашқы тәсілдерін білу;<br>- өзін- өзі шығармашылық тұрғыдан дамыту;<br>**Дағдыларын қалыптастырды:**<br>- халық аспаптарында ойнап үйренудің технологиялық әдістерін;<br>- шығармашылық бастамшылдығын дамыту;<br>- концертте шығарманы стилі мен құрылымына сәйкес орындау.<br>**Сұрақтарында құзыретті:**<br>- репертуарды шығармашылық кабілетіне сәйкес таңдау;<br>- өздігінен дайындала алу әдістерін таңдау;<br>- нақты шығарманы орындау барысында техникалық және көркемдік құралдарды таңдау. |
| <u>**Арнайы:**</u><br>**АҚ 1.** Музыканттар орындаған шығармалардың жазбасына салыстырмалы талдау жасау.<br>**АҚ 2.** Аспаптарда ойнау дағдыларын игеру.<br>**АҚ 3.** Шығармалармен өз бетімен жұмыс істеу дағдыларын игеру.<br>**АҚ 4.** Музыкалық шығармалардың көркемдік ойын жеткізу мақсатында үйлесімді техникалық тәсілдерін таңдау. | **Біледі:**<br>- музыкалық мәдениеттің дамуының негізгі тарихи-музыкалық кезеңдерін;<br>- әр кезеңнің стилі мен жанрының сипатын;<br>- орындаушылық мектептер мен бағыттардың ерекшеліктерін;<br><br>**Істей алады:**<br>- орындаудың музыкалық және техникалық құралдарының барлық компоненттерін іс-жүзінде пайдалану;<br>- концертте орындалатын шығарманы өздігінен жақсы кәсіби деңгейде дайындау.<br>**Дағдыларын қалыптастырды:**<br>- әртүрлі мектептер, стильдер мен бағыттар шығармаларына орындаушылық және салыстырмалы талдау жасау;<br>**Сұрақтарында құзыретті:**<br>- алған білімдерін кәсіби түрде колдана алу; |

## 3. Оқу бағдарламасының тақырыптық жоспары

**« Ансамбль класы » пәні бойынша**

| № | | Тақырыптардың атаулары | Сағат саны | Шығармалардың саны |
|---|---|---|---|---|
| 1 | 5- сынып | Ансамбльге арнап өңделген халық әндері<br>Ансамбльге арнап өңделген күйлер | 68 | 4 - 6 |
| 2 | 6 - сынып | Ансамбльге арнап өңделген халық әндері<br>Ансамбльге арнап өңделген күйлер | 68 | 6 - 8 |
| 3 | 7 - сынып | Ансамбльге арнап өңделген халық әндері мен күйлері | 68 | 6 - 8 |
| 4 | 8 - сынып | Шетел композитоларының шығармалары<br>Ансамбльге арналған Қазақстан композиторларының шығармалары | 68 | 6 - 8 |
| 5 | 9 - сынып | Шетел композитоларының шығармалары<br>Ансамбльге арналған Қазақстан композиторларының шығармалары | 68 | 6 - 8 |
| 6 | | Барлығы | **340** | |

## 4. Қысқаша әдістемелік нұсқаулар

Домбырашылар ансамблі негізінен аспапты енді меңгерген оқушылардан құралатын болғандықтан,оларды бір-бірін тыңдауға , қағыстарды біркелкі алуға үйрете бастау керек.

Шығарманың орындалуға тиіс деңгейін алғашқы жұмыс барысында - ақ анықтап , музыкалық материалды мұқият зерттеп, оның формасын , негізгі әуеннің даму бағытын , сүйемелдеуші партиялардың гармониясын анықтап алмаса , шығарманың орындалу деңгейі төмен , көркемдік мазмұны түсініксіз болып шығады.

Шығарманы талдағаннан кейін , оны өзара үзінділерге бөліп , әр бөлігіне жеке тоқтап , оны алдымен баяу жылдамдықта ойнатып қараған өте тиімді болады, әйтпесе басынан аяғына дейін құр мағынасыз қайталай беруден жұмыстың жүйесі болмайды.

Ансамбль де оқушылармен жекеше түрде жұмыс істеуді қажет етеді Ол шығарманы үйретуде техникалық мүмкіндікті ашуға , аппликатураны дұрыс таңдауға , дыбыс шығарудың әр түрлі тәсілдерін , оң қолдың қағыстарын меңгеруге , кейбір орындау ерекшеліктерін таңдауға жағдай жасайды.

Шығарманың мазмұнын ашу үшін , нота мәтінін мұқият , қатесіз оқу керек.

Нота мәтінін қатесіз оқу – дыбыс ұзақтығын және динамикасын дәл ойнауға, автордың мақсатын , шығарманың характерін түсінуге көмегін тигізеді.

Ансамбльдің өз шеберліктерін көрсетер шағы сахнаға шығу болып табылады.Сондықтанда оқушыларды сахнада өздерін ұстай білуге үйрету ең басты жұмыстардың бірі болып табылады.

Оқушыларға сахнаға шығар алдынан біраз уақыт бұрын өзгерістер енгізу қате болып табылады.

Ансамбль сабағы оқушылардың бойында ұжымдық түрде жұмыс істеудің шарттарын қалыптастырады, музыкалық сауаттылыққа, сахнаға дайындайды, жалпы оқушының жан жақты білім алып, дамуына әсер етеді.

## 5. Репертуарлық шығармалар тізімі

5 сынып

1. А. Жұбанов  Қарлығаш
2. Халық әні  Әлди - әлди
3. Халық әні  Еркем - ай
4. Халық күйі  Тепең көк
5. Халық күйі  Нәр ағашы
6. Халық күйі  Келіншек
7. Халық күйі  Жастар биі

6 сынып

1.Халық әні  Ләйлім
2.Н.Тілендиев  Құстар әні
3.М. Әубәкіров  Нар кескен
4.Ә.Желдібаев  Ерке сылқым
5.Құрманғазы  Саранжап
6.Дина  Әсем қоңыр
7.Дәулеткерей  Түркімен күй

7 сынып

1. И.Брамс  Венгер биі № 5
2.М. Огинский  Полонез
3. Дайрабай  Дайрабай
4. Т.Ахметов  Темірбектің төкпесі
5. Құрманғазы  Адай
6. Қ.Ахмедияров  Алтын ұя
7. С. Тұрысбеков  Көңіл толқыны

8 сынып

1. М.Әубәкіров  Нар кескен
2. Дәулеткерей  Құдаша
3. Құрманғазы  Балқаймақ
4. Құрманғазы  Балбырауын
5. Сейтек  Сексен ер
6. Тналин  Жайлау биі
7. Қазанғап  Құс қайтару

9 сынып

1. Гранадос  Испан биі
2. И. Брамс  Венгер биі № 1
3.Тәттімбет  Сылқылдақ
4. Е.Үсенов  Қосбасар № 1
5.Қ. Ахмедияров  Қосбасар
6. А.Жайымов  Шаттанамын
7. Сүгір  Ыңғай төк
8. Құрманғазы  Адай

## 6. Оқытудың жоспарланған нәтижелерін бақылау

Оқушылардың алған білімдері әр тоқсан сайын бағаланып отырады.Бұл жерде оқушының тоқсан бойында сабаққа қатынасуы, берілген тапсырмаларды уақытында және өз деңгейінде орындай білуі басты назарда болуы тиіс.

Сонымен қатар, ай сайын орындалатын шығармалардың партияларын жеке – жеке тексеріп отыру, әр оқушының осал тұстарын біліп отыруға көп септігін тигізеді.Үлгерімі орташа немесе төмен оқушыларды алға жетелеу үшін кейде бағаларын көтермелеп қоюға да болады. Бірақ үнемі көтермелеп отыру да оқушының өзін басқалардан жоғары санап, дайындығына кері әсерін тигізуі де әбден мүмкін. Сондықтан оқушыны бағалауға әр оқытушы тың көзқараспен қарап ,ерекше мән бөлгені жөн.

Оқушылардың деңгейін бағалау критериіне:

- Ансамбльдегі серіктестік үндестігі;
- Музыкалық – көркемдік талғам;
- Мәнерлік сауаттылық;
- Техникалық жабдықтау кіреді

## 7. Әдебиеттер және оқыту құралдары


1. Ахмедияров Қ. Әсем қоңыр. Дина күйлер жинағы. А-ты.: Өнер, 1997.
2. Александров А. Школа игры на трехструнной домбре. – Москва 1983.
3. Ахмедияров Қ. Жігер. Дәулеткерей күйлер жинағы. А-ты.: Өнер, 1996.
4. Әубәкіров М. Домбыраға арналған шығармалар. Сахарбаева К. – А-ты.: Мектеп, 2002.
5. Бисенбаева З. Қазақ әндері мен күйлерінің қобыз ансамблінде өңд. жинағы. – А-ты.: Әуен,1990.
6. Басықараевтар Е. Қазанғаптың ізімен. – А-ты.: Әуен, 2003.
7. Еркинбеков Ж. Домбыра мен қобызға арналған пьесалар. А-ты.1962.
8. Есенұлы А., Г.Елеусізқызы. Күй қастерлі әуез. – А-ты.: Өлке, 1998.
9. Жұбанов А.,Құрманғазы. – А-ты.: Жалын, 1978.
10. Жаңбыршы А. Нарату – А-ты.: Нұрллы әлем, 2005.
11. Жайымов А. Шалқыма. Құр. А.Үлкенбаева – А-ты.: Өлке,1997.
12. Жайымов А., Сәрсенбай Б., Ысқақов Б. Домбыра үйрену мектебі. А-ты.: Өнер 1992.
13. Сахаобаева К. Күй ұраны. – А-ты.: Дайк-Пресс, 2001.
14. Қорғанбекова Ш. Әуен. – А-на.: Сарыарқа, 2006.
15. Қарақұлов Б. Асыл мұра. А-ты.: Өнер, 1981.
16. Мұхитов Қ. Домбыраға арналған пьесалар. – А-ты.: 1980.
17. Мұхитов Қ., Досымжанов К. Домбыраға арналған хрестоматия. – А-ты.:1984.
18. Тілендиев Н. Жеңіс салтанаты.А-ты.:Өнер,1975.
19. Үсенов Е. Бозінген - -А-ты.: 1999.
20. Уразалиева Г.А.Назерке.-А-на.:Сарыарқа,2007.
21. Шегебаева Н.А., Нүкеев М. Әлем халықтарының әуені-А-на.: Нигмет, 2009.


**Оқыту құралдары:**

1. Метроном
2. Оқу - әдістемелік әдебиеттер
3. Пән бойынша нотелық әдебиеттер
4. ТОҚ (аудио және видиотехника), соның ішінде CD – дискілері
5. Интернет - технологиялар